

Сарат жалпы орта білім беретін мектебі
Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 хаттамасы

07 қыркүйек 2023 жыл

Қатысқан мүшелер саны: 9

Қатыспаған мүшелер саны: 0

Қамқоршылық кеңес, мүшелері, хатшы, мектеп әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің нормативтік – құқықтық құжаттармен танысу;
2. Қамқоршылық кеңестің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну;
3. Әлеуметтік жағдайына байланысты түрлі санаттағы оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие іс жөніндегі орынбасарлары Р.М.Жаңабаев және А.Б. Аманкелдиева «Қамқоршылық кеңестің» нормативтік – құжаттарымен таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін анықтайды. Қамқоршылық кеңестің құрамы сайланды. Қамқоршылық кеңестің құрамына жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері, жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, ата-аналар, қайырымдылық жасаушылар кіреді. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ болады. Мемлекеттік органдардың өкілдері Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып сайланбайды. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының жұмыстарына өкілеттілігін жүргізеді. Сонымен қатар Қамқоршылық кеңестің өз жұмысын ұйымдастыру тәртібі бар.

Жалпы айтқанда білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары жалпы ережелері, қамқоршылық кеңесі сайлау тәртібі және құрамы, қамқоршылық кеңестің өкілеттілігі, қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі және қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату сында бес тараудан тұрады.

Сөйлеушілер: Қамқоршылық кеңес мүшесі Ықласбаева Ж

Міне, біз бүгін «Қамқоршылық кеңестің» нормативтік-құжаттарымен таныстық. Барлығы түсінікті. Алдағы уақытта осы ережелерге сай, жұмыстар атқарылады деген сенімдемін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы Қ.Нұрияхметова

Барлығы 2023-2024 оқу жылындағы алғашқы отырысымыз. Бұл отырыста биылғы жылдың жоспарын құрып, талдау жасап бекіту керек. Жалпы жоспармен таныстыратын болсақ, негізінен жоспарда оқушылардың әлеуметтік жағдайы, мектеп бойынша білім алушылардың ыстық тамақпен қамтылуы. Құқықбұзушылықтың алдын-алу жұмыстарын жүргізуге және мерекелік, спорттық іс-шараларға қытысу, демеушілік жасауды ұйымдастыру және мектептегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы жұмыстары туралы құрылған. Алдағы уақытта жоспарда көрсетілген жұмыстарды жоспар бойынша атқарып, атсалысамыз деген ойдамын. Ал енді кеңес мүшелерінің құрамы 9 адамнан тұрады. Сарат ЖОББМ-нен 9 адам мүшесі бар. Жалпы 2023-2024 оқу жылы бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелері өзгертіліп бекітілді.

Сөйлеушілер: Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Ж.Н.Жеткергенова.

Күн тәртібінде қаралған мәселелерді тыңдадық. Оның ішінде биылғы жылға жасалған қамқоршылық кеңес жоспары жүйелі жасалған, мен келісімді білдіре отырып, жоспардың бекітілуін қолдаймын.

Әлеуметтік педагог Есмағанбетова А.С 2023-2024 оқу жылында ыстық тамақпен 28 бала қамтылып отыр. Барлық оқушылардың ата-аналары өтініштерін жазып берді және осы

отбасылардан тұрмыс жағдайларын зерттеу актері толтырылып, растайтын құжаттары жинақталды. Мен осы 28 оқушының ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін сұраймын.

Оқушының аты – жөні	класы	Әлеуметтік жағдайы
Сәрімтаев Мейіржан	5	АӘК
Талғатұлы Нұрәділ	5	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Ерболатұлы Ерасыл	5	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Саматұлы Актілек	5	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Жеткергенов Нұртілек	6	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Кенжебекұлы Бекжан	6	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Кенжебекқызы Жасмин	6	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Мейрамбекқызы Айзере	6	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Қобыланды Нұрәсем	7	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Орынбасарова Гүлназ	7	АӘК
Жеткергенова Інжу	7	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Жеткергенова Іңкар	7	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Орынбасарова Айнаш	8	АӘК
Мейрамбекқызы Алтынарай	8	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Талғатұлы Нұрбек	8	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Берікқызы Каусар	8	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Даулетова Аяулым	9	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Назық Тұрар	9	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Назық Тұмарханым	9	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Орынбекұлы Бағдат	9	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Фархатұлы Жарасхан	9	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Ерланұлы Мәди	9	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Назық Аяна	10	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Орынбекқызы Жауказын	10	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Изтаева Асылайым	10	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Орынбасар Ерсұлтан	11	Қамқоршылықтағы бала
Тұрамаддин Диас	11	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша
Ерланқызы Ақниет	11	Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша

Сөйлеушілер: Кеңес мүшесі Жеткергенов Р

Әлеуметтік педагог пен мектеп медбикесінің ұсынған балалар тізімін көріп отырмыз. Осы ұсынылып отырған аз қамтылған отбасы балалары және өзге санаттар бойынша балалардың әлеуметтік жағдайларын күнделікті көріп, біліп отырмыз. Аталған оқушылардың барлығын ыстық тамақпен қамтылуын қолдаймын және ұсынамын.

Кеңес төрайымы: Қ.Нурияхметова

Барлық оқушылардың отбасы тұрмыс жағдайын және денсаулықтарын ескере отырып, тізімдегі 28 бала ыстық тамақпен қамтылсын.


Кенес ұсынысы:

1. Қамқоршылық 2023-2024 оқу жылға арналған жұмыс жоспары құрылып бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңестің жұмыстары ережеге сай, жоспар бойынша атқарылсын.
3. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларын және білім алушылардың өзге әлеуметтік жағдайын ескеріп, Сарат ЖОББ мектебі бойынша көрсетілген тізімдегі 28 бала ыстық тамақпен қамтылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Хатшы:

Кенес мүшелері:



Қ.Ш.Нурияхметова

Ж.Н.Жеткергенова

К.К.Тумышева

Р.Н.Жеткергенов

Г.А.Сейдагулова

А.Б.Козбагаров

А.Б.Козбагарова

Ж.С.Ыкласбаева

Қ.Н.Адильбаева